

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 18 қазандағы № 7/6 "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 32/3 шешімі

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" 2023 жылғы 18 қазандағы № 7/6 шешіміне мынандай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының
2025 жылғы 25 желтоқсандағы
32/3 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2023 жылғы 18 қазандағы
№ 7/6 шешімімен
бекітілген

"Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Тексеру комиссиясының регламентіне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы шегінде жүзеге асырады.

3. Тексеру комиссиясы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, логотипі, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Тексеру комиссиясы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тексеру комиссиясына уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Тексеру комиссиясы өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясы Төрағасының бұйрықтарымен және Тексеру комиссиясының қаулыларымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Тексеру комиссиясының құрылымын Тексеру комиссиясының Төрағасы, төрт мүшесі және аппараты құрайды. Тексеру комиссиясының штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

8. Тексеру комиссиясының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 150008, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституция көшесі, 38.

9. Тексеру комиссиясы туралы ережені Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты бекітеді.

10. Осы Ереже Тексеру комиссиясының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Тексеру комиссиясының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Солтүстік Қазақстан жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Тексеру комиссиясына кәсіпкерлік субъектілерімен Тексеру комиссиясының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Тексеру комиссиясына кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне жіберіледі.

2-тарау. Тексеру комиссиясының міндеттері мен өкілеттіктері

13. Тексеру комиссиясының міндеттері:

1) жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджет қаражатының, мемлекет және квазимемлекеттік

сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуы саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуын, Солтүстік Қазақстан облыстың даму жоспарларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау және бағалау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Солтүстік Қазақстан облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан, мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, ведомстволық ақпараттық жүйелер деректерінің құрамы мен форматтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және мемлекеттік аудитті жүзеге асыру, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді дайындау үшін қажетті құжаттаманы (ақпаратты) сұратады және алады;

анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті нұсқама шығарады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және өзге де ақпараттық жүйелерге мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті қолжетімділікті алады;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қаулыда немесе нұсқамада белгіленген мерзімдерде ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуы туралы растайтын құжаттары қоса берілген ақпаратын алады;

сыртқы мемлекеттік аудит жүргізумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының тиісті ақпаратын тыңдайды;

мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы оларды тағайындаған адамдарға ұсыныстар енгізеді;

лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша, сондай-ақ тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша тиісті Солтүстік Қазақстан облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына ұсыныстар енгізеді;

аумағында өздері жұмыс істейтін облыстық бюджетке, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысында құрылған аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттеріне қатысты сараптамалық-талдамалық қызметті жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, олар бойынша хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады;

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және басқа мемлекеттік органдармен келісу бойынша бірлескен немесе қатар тексерулерді жүргізуге қатысады;

мемлекеттік аудитті жүргізу үшін мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын (олармен келісу бойынша), сондай-ақ қажет болған кезде аудиторлық ұйымдарды, сарапшыларды олардың көрсететін қызметтеріне бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ақы төлей отырып тартады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2) міндеттері:

аудиторлық есептердің және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептердің негізінде жасалған аудиторлық қорытындыны бекітеді;

Тексеру комиссиясының қаулыларын қабылдайды;

аудиторлық іс-шара және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар барысында анықталған (анықталатын) бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды;

мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда материалдарды аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға береді;

бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) бұзушылықтардың ерікті түрде өтелмеген (қалпына келтірілмеген), анықталған сомаларын есепке алу бойынша көрсету және (немесе) азайту арқылы қалпына келтіру және Тексеру комиссиясының нұсқамасын орындау мақсатында сотқа талап қояды;

егер басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін Жоғары аудиторлық палата мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейді деп танымаса, оларды таниды;

мемлекеттік аудит нәтижелері танылған жағдайларда басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит материалдарын негізге ала отырып, мемлекеттік аудит көлемін қысқартады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда аудиторлық іс-шаралар мен тексерулерді тіркеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі

айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған бекітілген тізбелерін және оларға енгізілген өзгерістерді бекітілген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Тексеру комиссиясының интернет-ресурсында орналастырады;

мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорға орналастырады, сондай-ақ келісілген мерзімдерде мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелері бекітілгенге дейін ол туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

тексерулердің қайталануын болғызбау мақсатында мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелерін және оларға енгізілетін өзгерістерді мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен келіседі;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына оларда белгіленген мерзімдерде немесе егер мерзімі көрсетілмеген болса, оларды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарау және орындау үшін қаулылар мен нұсқамалар жібереді;

өздері аудиторлық қорытындыда берген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жіберген нұсқамалардың мониторингін жүйелі негізде жүзеге асырады;

жүргізілетін аудиторлық іс-шаралардың қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарын жинақтап қорытады және зерделейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады;

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындауды және Жоғары аудиторлық палатаға тиісті ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді;

Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салулары бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат ұсынады;

күпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияның сақталуын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметі туралы ақпаратты орналастырады;

өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолдануды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Президентінің, ол уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларын, Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуларын қарайды және оларды мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру кезінде ескереді;

мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру кезінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың ұсыныстарын талдап, олардың орындылығы мен өзектілігін қарау үшін Тексеру комиссиясының отырысына талқылауға шығарады.

15. Тексеру комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысының шегінде мына функцияларды:

1) мыналардың:

өзінің мазмұны бойынша жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп дайындай отырып, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың;

байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың;

жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе экономиканың жеке алғандағы саласының, әлеуметтік және басқа да мемлекеттік басқару салаларының дамуына әсерінің;

тиісті бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде, ал Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуының;

жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау негізділігінің, олардың іске асырылуының және жүзеге асырылу тиімділігінің;

тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуға бөлінген (жұмсалған) жергілікті қаржы ресурстарының мөлшері мен сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық құны арасындағы айырманы бағалауды қоса алғанда, баға белгілеудің;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың;

салықтық әкімшілендірудің;

шарттардың;

қоршаған ортаны қорғау саласында;

ақпараттық технологиялар саласында;

мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін жүзеге асырады;

2) мыналарға:

мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына;

жергілікті атқарушы органның және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шарт талаптарын орындауына;

жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уактылылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтарудың, есепке жазудың дұрыстығына;

жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес өздеріне бөлінген жергілікті бюджет қаражатын пайдалануына сәйкестік аудитін жүзеге асырады;

3) жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді;

4) тиісті бюджеттің атқарылуына ағымдағы бағалау жүргізеді;

5) Солтүстік Қазақстан облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының есебіне қорытынды дайындау арқылы тиісті бюджеттің атқарылуы туралы кейіннен бағалау жүргізеді.

3-тарау. Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі, өкілеттіктері

16. Тексеру комиссиясын басқаруды Төраға жүзеге асырады, ол Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Тексеру комиссиясының Төрағасы Жоғары аудиторлық палатаның ұсынуы және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатымен лауазымға тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат Тексеру комиссиясы төрағасының ұсынымы бойынша және Жоғары аудиторлық палатамен келісу бойынша Тексеру комиссиясының мүшелерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

19. Тексеру комиссиясы Төрағасының өкілеттіктері:

1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады;

2) Тексеру комиссиясының регламентін бекітеді;

3) Тексеру комиссиясының мүшелері мен Тексеру комиссиясы аппаратының жұмысын ұйымдастырады;

- 4) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарында, ұйымдарында және одан тыс жерлерде Тексеру комиссиясының атынан өкілдік етеді;
- 5) бекітілген штат саны және жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясының аппарат басшысын және жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 7) мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясының жұмыскерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, олардың орындалуын тексереді, Тексеру комиссиясының отырыстарында қабылданған қаулыларға және нұсқамаларға қол қояды;
- 9) Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін бекітеді;
- 10) Тексеру комиссиясының мүшелеріне мемлекеттік аудитті және (немесе) үстеме, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырмалар береді;
- 11) Тексеру комиссиясының құзыреті шегінде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге қатысатын Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторларының құрамын айқындайды;
- 12) өз қызметі барысында мемлекеттік аудиторлар және өзге де лауазымды адамдар жасайтын құжаттарға мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан тұрақты тексерулер және (немесе) талдау жүргізу арқылы сапаны бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 13) жергілікті бюджеттің атқарылуына және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу мәселелеріне қатысты құжаттамамен құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз танысады;
- 14) мемлекеттік аудит объектілерінен аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өзі белгілеген мерзімде алады;
- 15) Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатқа Жоғары аудиторлық палатамен келісу бойынша тексеру комиссиясы мүшелерінің лауазымына тағайындау, сондай-ақ одан босату үшін кандидатураларды ұсынады;
- 16) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатына ұсыну жөніндегі міндетті Солтүстік Қазақстан облыстың Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;
- 17) Солтүстік Қазақстан облыс және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

18) Тексеру комиссиясы жанынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады;

19) өзі болмаған жағдайда Тексеру комиссиясы Төрағасының міндетін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктері:

1) Тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық және өзге де қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады, тексерілетін мемлекеттік аудит объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі келтірмейді және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпайды;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жоспарлау және жүргізу мәселелеріне қатысты құжаттамаға құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз қол жеткізе алады;

4) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілерінен қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өздері белгілеген мерзімдерде алады;

5) өздері басқаратын (жетекшілік ететін) қызмет бағыттарының мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік аудитті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстардың көлемін айқындай отырып, мемлекеттік аудиттің бағдарламаларын бекітеді, аудиторлық қызметті ұйымдастыру бойынша міндеттердің бөлінуіне сәйкес нұсқамаларға қол қояды;

7) тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесіне сәйкес Тексеру комиссиясы аппаратының жұмыскерлеріне мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмалар береді;

8) Солтүстік Қазақстан облыс және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Тексеру комиссиясы Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатқа Тексеру комиссиясы Төрағасының және мүшелерінің өкілеттік мерзімінің алдағы аяқталатын мерзімі туралы күнтізбелік отыз күн бұрын хабарлайды.

22. Тексеру комиссиясының Төрағасы және мүшелері:

1) Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 47-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес лауазымнан босату туралы шешім қабылдауы;

2) өздеріне қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

3) белгіленген тәртіппен әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

4) анттарын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені бұзуы, өздерінің мәртебесіне сай келмейтін теріс қылық жасауы, лауазымдық міндеттерін сақтамауы;

5) қайтыс болуы, сондай-ақ хабарсыз кеткен деп танылуы немесе қайтыс болды деп жариялануы;

6) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;

7) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі;

8) басқа лауазымға тағайындалуы;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де негіздер салдарынан лауазымынан мерзімінен бұрын босатылады.

23. Тексеру комиссиясы Төрағасы мен мүшесінің өкілеттіктері жұмыстан босату туралы өтініш беру түрінде мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшесі жұмыстан босату туралы тиісті өтініш берілгенге дейін бір айдан кешіктірмей Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатты және Жоғары аудиторлық палатаны жазбаша хабардар етеді.

24. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараны жүргізу қызметін, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық, құқықтық, консультативтік, ұйымдастырушылық және өзге де қызметін Тексеру комиссиясының аппараты қамтамасыз етеді. Тексеру комиссиясының аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілер болып табылатын лауазымды адамдардан тұрады, оны Тексеру комиссиясының Төрағасы тағайындайтын аппарат басшысы басқарады.

25. Аппарат жұмыскерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы, сондай-ақ олардың мемлекеттік қызметті өткеру жағдайлары мемлекеттік қызмет туралы заңнамада, еңбек заңнамасында, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамада және осы Ережеде айқындалады.

26. Тексеру комиссиясы аппаратының жұмыскерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Заңның 39-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Тексеру комиссиясының қызметі Тексеру комиссиясының Төрағасы бекітетін мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуларын, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың

шешімдерін және Тексеру комиссиясы Төрағасының бастамасын қоспағанда, Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

28. Тексеру комиссиясы өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудит объектісінен тәуелсіз болады. Тексеру комиссиясының тәуелсіздігі:

1) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың Тексеру комиссиясының қызметіне заңсыз араласуына;

2) Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары мен өзге де лауазымды адамдарын мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінде көзделмеген тексерулерді жүргізуге тартуға жол бермеу арқылы қамтамасыз етіледі.

29. Тексеру комиссиясының жергілікті бюджет қаражатын пайдалануын мемлекеттік бақылау және қадағалау Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың келісімімен немесе оның тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

30. Тексеру комиссиясының шешімдер қабылдауы отырыста алқалы түрде жүзеге асырылады.

31. Тексеру комиссиясының отырысында мемлекеттік аудиттің қорытындылары, жоспарлау, әдіснама мәселелері, алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелер каралады.

32. Тексеру комиссиясының шешімдері Тексеру комиссиясының отырысқа қатысушы құрамының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етуші адам дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

33. Тексеру комиссиясының отырыстарын жүргізу тәртібі, оның жұмысын ұйымдастыру мәселелері Тексеру комиссиясының регламентінде айқындалады.

34. Тексеру комиссиясы жыл сайын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) тексеру комиссияларының мәслихаттарға жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалған нысан мен құрылымға сәйкес есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасайды және оны Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың қарауына ұсынады.

35. Тексеру комиссиясы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік

стандартында айқындалатын нысан мен құрылымға сәйкес есепті кезеңдегі өз жұмысы туралы ақпаратты Жоғары аудиторлық палатаға тоқсан сайын ұсынып отырады.

4-тарау. Тексеру комиссиясының мүлкі

36. Тексеру комиссиясының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

37. Тексеру комиссиясының мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптасады.

38. Тексеру комиссиясына бекітіп берілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

39. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Тексеру комиссиясының өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иелігінен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

40. Тексеру комиссиясының Төрағасын, мүшелерін және аппарат жұмыскерлерін материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға көлік қызметтерін көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату

41. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.